


3

Адам болмысының
боймасыз баяны

4

Фельдшердің
шаруашылығы

Сыр бойы

3 қазан, бейсенбі 2024 жыл

№152 (20826)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

ӨРКЕН

470 ОТБАСЫ ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ



Қала күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорда қаласында бірқатар маңызды нысандар пайдалануға берілді. Іс-шараларға жауапты салалардың, құқық қорғау органдарының басшылары, Халықаралық Қарттар күні қарсаңында аймақ басшысының арнайы шақыртуымен барлық ауданнан келген ардагерлер, зиялы қауым өкілдері қатысты. Қаланың сол жағалауында алдымен №2 шағын ауданға салынған 470 пәтерлік 10 көпқабатты тұрғын үйді салтанатты табыстау рәсімі өтті.

Облыс әкімі жаңа пәтер иелерін қоныстоймен құттықтап, аймақтың құрылыс саласындағы жаңалықтарға тоқталды.

– Халықты баспанамен камту – мемлекетіміздің стратегиялық басым бағыттарының бірі. Мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар аясында соңғы 2 жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді. Өңірде жыл басынан бері 900-ден астам отбасы қоныс тойын тойлады. Биыл мемлекеттік бюджеттен бөлінген 34 млрд 100 млн теңгеге 2,5 мыңнан астам пәтер берілді. Осылайша, тұрғын үй құрылысы көлемі

126 пайызға өсті. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштерінде оң серпін сақталып, облысымыз республика бойынша алдыңғы қатарға тұрақтады. Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд теңге болса, бүгінде 744 млрд теңгеден асты. Бұл ауқымды қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалуда.

2-бет



«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»: АЛҒАШҚЫ НЫСАН АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Қызылорданың сол жағалауына салынған 900 орындық білім ошағының салтанатты ашылу рәсімі өтті.



Аймақ басшысы қала тұрғындарын жаңа мектептің ашылуымен құттықтап, жиналған жұртшылыққа ізгі тілегін айтты.

«Жас ұрпақтың білімі мен оқу-ағарту ісіне барынша көңіл бөлу – мемлекетіміздің ең маңызды міндеті. Биыл өңірдің білім саласына бөлінген қаржы 262 млрд 100 млн теңгеге жетіп, облыс бюджетінің 35,2 пайызын құрады.

Мемлекет басшысының бастамасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы еліміздің барлық аймағында жүзеге асырылуда. Ұлттық жоба аясында 740 мың оқушыға арналған 369 мектеп салынады.

Осы жобамен өңірімізде 12 300 орынға лайықталған 21 мектеп салу жоспарланған, оның 10-ның құрылысы жүргізілуде. «Жайлы мектеп» жобасын іске асыру арқылы аймағымыздағы 4 апатты және 3 бейімделген мектептің мәселесі түбегейлі шешімін табады.

2-бет

«ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ» – ӘМБЕБАП КЕШЕН

Облыс әкімінің қатысуымен Қызылорданың сол жағалауында «Қазгермұнай» БК ЖШС-ның демеушілік қаражатына салынған «Оқушылар сарайы» өскелең ұрпақ игілігіне берілді.

Салтанатты іс-шараға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Құрманғазы Есқазиев қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жерлестерін жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

2-бет



ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ОРТАЛЫҒЫ: Сыр спортындағы жаңа серпін

Қала күні қарсаңында облыс орталығында табысталған әлеуметтік нысанның бірі – үстел теннисі орталығы. Облыс әкімі жаңа орталықтың салтанатты ашылу рәсіміне қатысып, қала тұрғындарын құттықтады.

– Бүгін ел игілігіне берілген үстел теннисі орталығы Сыр спортына жаңа серпін әкеліп, жеңімпаздар сыйлайды деп сенеміз. Сүйікті Қызылордамыздың келбетіне көрік қосатын әсем ғимараттардың қатарын толықтырған орталықтың қолданысқа берілуі баршаңызға құтты болсын!

Облыстың қарқынды дамуына қажетті әлеуметтік нысандардың салынуына зор үлес қосқан «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің мүшесі, басқарма төрағасы Жакыпов Нұрлан Қаршығаұлына және «Samruk-Kazyna Trust» корпоративтік қорының бас директоры Адиева Альфия Дәулетқалиқызына Сыр жұртшылығы атынан ризашылық білдіремін. Сонымен қатар, орталықтың құрылысын сапалы жүргізген «Дәнекер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне алғыс айтамыз. Еліміздің көк байрағы дүбірлі додаларда биікте желбіреп, спортшыларымыз жеңіс тұғырынан көрінсін! – деді облыс әкімі.



Іс-шарада «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры Гибрат Ауғанов, облыстық үстел теннисі федерациясының төрағасы, Қазақстанның Еңбек ері Абзал Ералиев, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Самұрат Имандосов сөз сөйлеп, игі тілек білдірді. Мердігер «СК Дәнекер» ЖШС құрылысшылары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Халықтың сұранысына сәйкес үстел теннисі орталығын салуға облыстық бюджеттен 2,5 млрд теңге бөлініп, құрылыс биыл басталды. Оған «Samruk Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры 900 млн теңге қаржы бөлді. Орталықта 16 үстел теннисі орналасқан ойын алаңы, 350 көрерменге арналған орындар, жаттығу залы мен әкімшілік бөлмелер бар. Мұнда 31 қызметкер жұмыс жасайды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

3-бет

МИНИСТРЛІК МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАДЫ

Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі Таяу Шығыстағы жағдай бойынша алаңдаушылық білдіріп, мәлімдеме жасады. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлады.

Айбек Смадияров қазақстандық дипломаттардың Израиль, Иран және Ливанда күшейтілген режимде жұмыс істеп жатқанын жеткізді. Айтуынша, елшілер біздің азаматтармен байланыс орнатып жатыр.

Израильде консулдық есепте 120 қазақстандық тұр, ал Иранда 102, Ливанда 139 адам. Олардың ішінде дипломаттар мен олардың отбасылары бар. Министр қауіпсіздік шараларын сақтауға және биліктің ұсыныстарын орындауға шақырады.

Көмек көрсету жөніндегі күштерді координациялау үшін жедел штаб құрылған. Елшіліктерде жедел желілер ашылған.

Смадияров сонымен қатар эвакуация процесін жеңілдету үшін елшілік есебіне уақытылы тіркелудің маңызын атап өтті.

«Израиль, Иран және Ливандағы елшілеріміз осы елдердің уәкілетті органдарымен тұрақты байланыста. Қазір Қазақстан азаматтарының зардап шеккен немесе қаза тапқаны туралы ақпарат түскен жоқ» деді ведомство өкілі.

Сонымен қатар министрлік репатриациялық рейстер ұйымдастыру мүмкіндігін қарастырып жатыр. Израильдегі әуежай штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Ал Иранда рейстер 3 қазанға дейін тоқтатылды. Ливанда қазір азаматтарды эвакуациялау жүргізілмейді. Ведомство Таяу Шығыс өңіріндегі шиеленістің күшейгенін жеткізді.

«Біз барлық қатысушы тарапты бейбіт тұрғындарды құрбан етуден аулақ болуға шақырамыз. Аймақта соғыс тудыруы мүмкін жағдай болмаса үшін күш әдістерін қолданудан бас тартуға үндеміз. Осыған байланысты келіспеушіліктерді тек БҰҰ жарғысы мен халықаралық құқық қағидалары шеңберінде саяси-дипломатиялық жолмен шешу үшін жедел шаралар қабылдаудың маңызын атап өтеміз» деді министрліктің ресми өкілі Айбек Смадияров.

Смадияров Қазақстан жағдайды тұрақтандыруға және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық қоғамдастықтың бастамаларын қолдайтынын жеткізді.

КЕНТ КЕЛБЕТІ

ТАРИХИ «ТӨРЕТАМ» ТҮРЛЕНЕ ТҮСУДЕ

Ынтымағы жарасып, берекесі тасыған мекеннің бірі – «Төретама» кенті. Іргесі сонау 1904 жылы қаланған қоныс алғаш «Төретама» станциясы болып құрылған. 1929 жылдан тұрғын үйлер салына бастады. 1933 жылы №12 Тұңғышбай Сегізов басқарған Жосалы дистанциясы болса, 1959 жылы ПЧ-17 болып аталған. 1936 жылы мектептің іргетасы қаланды.

Алғашқыда №69 бастауыш орыс-қазақ мектебі, кейіннен №80 орта мектебі болып өзгерді. 1975 жылы №13 ауылдық советі тарап, орнына халық депутаттарының ұсынысымен «Төретама» қыстақтық кеңесі құрылды.

Қыстақ төрағасы болып Кауцо Халида сайланды.

Валюта бағамы

\$ 480,11 kzt

€ 532,25 kzt

₴ 5,14 kzt

Ауа райы

+24° +26°

+22° +24°

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҮЛКЕН

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен жылу маусымына дайындық, берілген тапсырмалардың орындалуы талқыланды. Жылға жауапты сала басшылары, қала, аудан әкімдері қатысты.

– Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарының нәтижесін көретін уақыт жақында қалды. Үкімет барынша қолдау көрсетіп, сұратылған қаржыны бөліп, биыл жылу көздері мен желілерін жаңғыртуға республикалық және жергілікті бюджеттен 12 млрд теңге қаржы бағытталды. Оны тиімді игеріп, жұмысты уақытылы, сапалы жүргізу қажет. Алдағы жылу беру маусымында ешқандай мәселе туындамауы тиіс.

Биыл 11 әлеуметтік нысанның қазандықтарын газға ауыстыруға 410 млн теңге бөлінді. Мамыр айында 9 нысанның қазандығына 303 млн теңге берілді. Газдандыру мәселесі кезең-кезімен шешіледі. Елді мекендердің негізгі бөлігі көмір пайдаланады. Көмірмен қамтамасыз етуге қатысты бұған дейінгі тапсырмалар уақытылы әрі сапалы орындалуы тиіс, – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар, қала және аудан әкімдеріне, бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне, коммуналдық кәсіпорын басшыларына әлеуметтік нысандарда жоспарланған күрделі жөндеу, қазандықтарды қайта жаңғырту жұмыстарын бақылау жүктелді. Тұрғындар, әлеуметтік нысандар қатты және сұйық отыннан тапшылық көрмеуі керек.

Айта кетейік, жергілікті бюджет есебінен 2 газтурбиналық қондырғының генераторы мен 11 қазандыққа күрделі, 1 турбина мен 15 қазандыққа ағымдағы жөндеу жүргізілуде.

Жаңғыртудан өтетін 9,5 шақырым жылу желісінің 9,2 шақырымы жүргізіліп, жұмыстың 97 пайызы бітті, 741 шақырым электр желісі мен 127 қосалқы станцияға күрделі жөндеу, 45 шақырым электр желісі мен 48 трансформаторға ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалды.

Облыстағы 1067 әлеуметтік нысанның дайындығы 100 пайыз. Алдағы жылу беру маусымына 162,5 мың тонна, оның ішінде тұрғындарға 135,7 мың тонна, әлеуметтік нысандарға 26,8 мың тонна көмір керек. Нақты кезеңде көмір қоймаларында 33 мың тонна қор бар.

470 ОТБАСЫ ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

Тұрғындарды электр энергиясымен үздіксіз қамту бағытында 11 млрд теңгеге 38 жоба жүзеге асырылуда. Бұл желілердің тозу деңгейін 66 пайыздан 62 пайызға төмендетті.

Қалада инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Осы уақытқа дейін Қызылорданың ең басты коммуналдық проблемасы болып келген көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық сумен қамтамасыз ету оң шешімін тапты. Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен қаламыздағы 625 үйге ыстық су жеткізіледі. Жобаның жалпы құны 26 млрд 200 млн теңге, бірінші кезеңде, яғни биыл 187 үйге, екінші кезең – алдағы жылы тағы 237 үйге ыстық су қосылады.

Ерекше атап өту қажет, өткен жылдан бері қаламызда 7, 9, 12 қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде. Бүгін өздерінің бірге тағы 500-ге жуық отбасының қуанышын еселемекпіз. Қоныстарыңыз құтты болсын! – деді облыс әкімі.

1-бет



Жиында сол жағалаудың сәулетін арттырған зәулім үйлерді салған құрылыс компанияларының қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Қоғам қайраткері Нажмадин Мұсабаев және қоныс иелеріне ақ батасын берді. Пәтер кілтін алғандар қатарында ұстаздар, медицина, мәдениет және спорт салаларының қызметкерлері және өзге де сала мамандары бар.

Кейінгі жылдары Қызылордадағы құрылыс қарқынды. Әсіресе, әлеуметтік нысандар көптеп салынууда. Елді мекендерді газдандыру бойынша 20 жоба іске асуда. Жыл соңына дейін өңірді газбен қамту көрсеткіші 78 пайызға жетеді. Орталықтандырылған

ауысумен қамтуға бағытталған 13 жоба бар, 300 шақырымнан астам автомобиль жолдары жөндеуден өтуде. Осылайша облыс аумағындағы жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайыздан асады.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 10 мектеп, «Білімді қолдау қоры» есебінен физика-математика мектеп-интернаты, «Саутс-Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жана ғимараты, «Шығармашылық академиясы», емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар көпбейінді аурухана, Орталық стадион, жабық бассейні бар көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешені салынууда. Осындай игі істердің жалғасы ретінде «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің іргетасы жақын күндері қаланады.

Өткен жылы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 16 дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді. Қалған 11 медициналық нысан жыл соңына дейін табысталады.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»: АЛҒАШҚЫ НЫСАН АШЫЛДЫ

Бүгін республикалық бюджеттің тікелей қаржыландыруымен, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының үйлестіруімен, 6 млрд 851 млн теңгеге салынған облыстағы алғашқы 900 орындық «Жайлы мектеп» ел игілігіне берілуде. Бұл ғимарат Қызылорда қаласының сол жағалауы тұрғындарының мемлекеттік мектепке деген сұранысына толық жауап береді.

Білім ордасында шәкірттердің барлық пәнді оқып үйренуіне, ұстаздардың шығармашылықпен еңбек етуіне толық мүмкіндік жасалған. Өскелең ұрпақтың игілігі үшін Жаңақорған, Шнелі аудандарында 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50

1-бет

орындық «Өнер мектебі», «Саутс-Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жана ғимараты, Шығармашылық-инновациялық орталық, «Білімді қолдау қоры» есебінен физика-математика мектеп-интернаты салынууда. Мектеп-интернат екінші тоқсанда пайдалануға беріледі.

Жаңа мектеп салу, апатты мектептер мен үш ауысымдық оқуғанды жою – білім саласындағы басым бағыттың ең маңыздысы. Осы білім ошағында ұстаз бен шәкірт, мектеп пен ата-ана байланысы артып, алдыңғы буының ізгі жолын жалғаса білімді де талантты, санауы сергек, ойы ұшқыр, бәсекеге қабылғаушы ұрпақ тәрбиеленіп шығарына сеніміміз мол.

Жаңа оқу жылында биік табыс-

тарға қол жеткізіп, алға қойған мақсаттарыңыз орындалсын! Ел мүддесі жолындағы игі істерді бірге атқарайық, жетістікке бірге жетейік! Егемен еліміздің ертегі еңселі, тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! – деді облыс әкімі.

Жиында «Самұрық-Қазына Констракшн» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Мәулен Айманбетов қала тұрғындарын жана мектептің ашылуымен құттықтап, қатысушыларға игі тілегін жеткізді.

Жыл соңына дейін 12 жаңа мектеп және 4 мектеп жанындағы қосымша құрылыс аяқталып, пайдалануға беріледі. Өткен жылы облыс орталығындағы 4 мектепке 1 850 оқушыға арналған қосымша ғимарат салынды.

«ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ» – ӘМБЕБАП КЕШЕН

– Мемлекет басшысының қолдауымен бүгінде Қызылорда қарқынды құрылыс алаңына, өркенді өзгерістер өңіріне айналды. Облыста биыл 187 нысанның құрылысы салынууда. Тек білім саласында 9 нысан ел игілігіне берілді. Бүгін міне, «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен 2 млрд 350 млн теңгеге салынған 350 орындық заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» салтанатты ашылуына жиналды.

Білім, ғылым, мәдениет және өнер саласының дамуы – өркеннің өлшемі, қоғам дамуының басты көрсеткіші. Қазіргі таңда өңірімізде 62 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді. Ондағы үйірмелерге 60 663 оқушы қатысады.

Бұл ғимаратта балаларымыз бос уақытын тиімді өткізіп, пікірлес және достар табады. Таным көкжиегін кеңейткен жас талапкерлер жаңалық

1-бет



Суретерші түсірген Нұрлыбек Нұржанұлы

ашып, жарқын болашағына қажетті дағдыларға машықтанады деп сенеміз. Сіздерді жана «Оқушылар сарайының» ашылуымен құттықтаймын!

Сыр өңірі күн сайын түрленіп, әсем ғимараттарымен айшықталып, тұрғындарымыз қуанышқа бөлене берсін! – деді облыс әкімі.

Рәсімде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Құрманғазы Есказиев жиналған қауымдағы құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

Жобаға 2,4 млрд теңге бөлініп, құрылыс өткен жылдың желтоқсанында басталған. Заманауи, көпфункционалды кешен ішінде техноорталық, бағдарламалау, робототехника және өнеркәсіптік дизайн сыныптары, экологиялық дизайн, жылыжайлар мен қысқы бақ, телестудия, вокал, музыкалық аспаптар және хореография кабинеттері бар.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Қызылорда облысы әкімі аппаратында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке мәселелері бойынша қабылдаудың 2024 жылдың IV тоқсанына арналған кестесі

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты
Нәлібаев Нұрлыбек Машбекұлы	Облыс әкімі	Әр айдың 4-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Жаналинов Данияр Еренғалиұлы (облыстық экономика және қаржы, мемлекеттік сатып алу, бақылау, денсаулық сақтау және жұмыспен қамтууды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау)	Облыс әкімінің бірінші орынбасары	Әр айдың 2-ші жұмасы	Белгіленген уақытта
Жаханов Бахыт Дүйсенұлы (облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, ветеринария, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және құрылыс, саулет және қала құрылысы басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 3-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта
Зобешев Арық Темірханұлы (облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп және жоларының кәсіпкерлік қызметтеріне жалпы бақылау жасау және «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына жетекшілік жасайды)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 2-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта
Нұрғай Қайрат Мұрақұлұлы (Байқоңыр қаласының әкімшілігі, Төретам кенті және Ақай ауылдық округі әкімінің аппараттары арасында өзара қарым-қатынасты ұйымдастыру, Төретам және Ақай елді мекендерін дамыту мәселелері)	Облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі	Әр айдың 1-ші бейсенбісі	Белгіленген уақытта
Байманов Шахмардан Асқарұлы (облыстық қоғамдық даму, мәдениет, архивтер және құжаттама, дін істері, білім және денешынықтыру, спорт және туризм басқармаларының қызметтеріне жалпы бақылау жасау)	Облыс әкімінің орынбасары	Әр айдың 3-ші сәрсенбісі	Белгіленген уақытта
Мұхамедияров Әділхан Мерекешұлы (облыс әкімінің аппараты және жұмылдыру дайындығы басқармасының қызметтеріне жалпы бақылау жасау). Сонымен қатар, облыстың құрылыс және арнайы мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылы қамтамасыз ету, қоғамдық қауіпсіздікті және тәртіпті сақтау жұмыстарын үйлестіреді)	Облыс әкімі аппаратының басшысы	Әр айдың 3-ші жұмасы	Белгіленген уақытта

Азаматтарды қабылдауға алынып ала жазылу Қызылорда облысы әкімінің ғимаратында мына мекен-жай бойынша жүргізіледі: Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі №1, 1-қабат, №139 бөлме. Анықтама телефоны: 40-11-91 (7046).

Қызылорда облысы әкімінің аппараты

РЕФЕРЕНДУМ: 109 Call орталығына 1000-ға жуық қоңырау түскен



Республикалық референдумға 3 күн қалды. Маңызды саяси науқанда азаматтардың дауыс беруіне қолайлы жағдай үшін Қызылорда облысының әкімдігі арнайы 4 сервисі жүзеге асырды.

<https://referendum.orda.gov.kz/kk> сайты тұрғындар үшін үздіксіз жұмыс жүргізуде. Мұнда азаматтар сайтқа кіру арқылы өз уақытын анықтап, референдум комиссиясының мекен-жайы, байланыс деректері және комиссия мүшелерінің құрамы туралы ақпаратты біледі. Сондай-ақ әрбір азамат индекс карта арқылы өз уақытын баратын жолдың сызбасын және такси құнын да көре алады.

Бүгінгі күнге дейін сайтты 5000-нан аса тұрғын қолданған.

Бұл қызметтер «Smart Qyzylorda» мобильді қосымшасында және Telegram https://t.me/referendumKzo_bot желісінде бар.

– Референдум кезінде «Жедел әрекет ету орталығы» КММ-нің 109 бірінші байланыс қызметі 24/7 жұмыс жасауда. 2 ауысыммен жұмыс істейтін 24 диспетчер 25 күннің ішінде 1000-ға жуық қоңырауға жауап берді. Сауалдардың басым бөлігі азаматтардың өз уақытын анықтау және дауыс берушілерді уақытша тіркеу мәселелеріне қатысты, – дейді мекеме директоры Темірхан Мұқанғали.

Сондай-ақ дауыс беру күні Қызылорда қаласындағы 5 учаскеде онлайн сервис ашылып, тізімде жоқ азаматтарды тіркеу қызметімен айналысады. Олардың да тізімі аталған сайтқа енгізілген.

№198 РҰ - №5 мектеп-лицей
№250 РҰ - №261 орта мектеп
№189 РҰ - №136 мектеп-лицей
№264 РҰ - №264 мектеп-лицей
№347 РҰ - №271 орта мектеп
Айта кетейік, Қызылорда өңірінде 380 референдум учаскесі бар. Мұнда 492 380 азамат дауыс беруге құқылы.

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: АРТЫҚШЫЛЫҚ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ КЕРЕК

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен «Ауыл аманаты» жобасының іске асырылу барысы талқыланды. Басқосуға басқарма басшылары, қала, аудан әкімдері қатысты.

Аймақ басшысы жоба шеңберінде атқарылған жұмыстарға тоқталып, сала жетекшілеріне тапсырма жүктетті.

– «Ауыл аманаты» жобасы ауыл халқының әл-ауқатын жақсартуға және әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған. Жылдық 2,5 пайызбен берілетін жеңілдетілген несие азаматтарға идеяларын жүзеге асыруға, өз ісін ашуға және жұмыссыздықты азайтуға мүмкіндік ұсынды. Бағдарламаның оң нәтижесі көз алдымызда. Өткен жылы республикалық бюджеттен 3 млрд теңге қаралып, 406 жоба несиелендірілді, 713 жұмыс орны ашылды. Биыл 4 млрд 600 млн теңге қаржы бөлінуде.

Қала және аудан әкімдері бағдарламаның артықшылықтарын тиімді пайдаланып, ауыл халқының табысын өсіруге ұмтылуы тиіс. Бұл ретте ауыл әкімдеріне зор жауапкершілік жүктелді.

«Ауыл аманаты» жобасының Сырдария ауданына қарасты «Бесарық» ауылында сәтті жүзеге асырылғанын көрсетіп отыр. Осындай нәтижелі жұмыстар әр ауданда барынша сапалы және толыққанды атқарылуы тиіс, – деді облыс әкімі.

Аталған бағдарлама өнім өндірумен қатар, оны өткізу мәселесін шешеді. Басымдық өңірдің ерекшелігіне қарай өндірістік жобаларға беріледі. Ал мал шаруашылығына қатысты жобаларға асылтұқымды мал сатып алу талабы қойылады. Бұл төрт түліктің тұқымын түрлендіруге жол ашады, сондай-ақ жақындырының малын тіркеп қоюшыларға кедергі болмақ. Осылайша қаржы нақты мақсатына жұмсалды.

«Ауыл аманаты» жобасы бойынша 1 томат пастасы цехы, 34 жылжы ашылып, 671 асылтұқымды төрт түлік алынды. Сонымен бірге, 21 сүт және өнімдері өндірісі іске қосылып, 66 ауыл шаруашылығы техникасы әкелінді. Оған қоса 14 балық, 18 құс шаруашылығы өркен жайды. Жоба қатысушыларының арасынан 38 адам қондиртер және нан өнімдерін пісірумен айналысады, 3 гидропоника, 7 жиһаз, 34 пластикалық өнімдер мен құрылыс материалдары өндірісі, 98 қызмет көрсету орны ашылды.

Қалған жобалар бойынша мониторинг жалғасуда. «Ауыл аманаты» жобасының игілігін көрген 106 елді мекенде 51 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылып, оның 33-і 716 млн теңгеге қаржыландырылды.

Биыл 575 жобаны іске асыру, 610 жұмыс орнын ашу көзделуде.

ТАУАРЛАР ТҰТЫНУШЫСЫН ТАПТЫ

Астана қаласында өткен Қызылорда облысы тауарөндірушілерінің ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі елордалықтар арасында ерекше қызығушылық туғызды. Арқа төріндегі айтулы шараға Сыр өңірінің брэндіне айналған күріш, ет өнімдері, балық пен ас тұзы, қауын-қарбыз, ұлттық сусындар секілді 50-ден астам өнім түрлері жеткізілген болатын.

Жәрмеңкеге Қызылорда қаласы мен барлық ауданнан тауарөндірушілер, «Байқоңыр ӘКК» акционерлік қоғамының өкілдері белсенде атсалысты. Аймақтағы

100-ге жуық тауарөндірушілер өз өнімдерін 80 көлікпен елордаға алып барды. Олардың жалпы құны – 270 млн теңгеге жуық. Нәтижесінде астаналық тұрғын-

дарға 600 тоннадан астам өнім ұсынылды, 300 тонна күріш, 80 тонна көкөніс пен жеміс-жидек, 180 тонна бақша өнімдері, сондай-ақ ас тұзы, сүт және кондитер өнімдері тұтынушыларға сатылды, – деді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев.

Жәрмеңкеде тұрғындардың Сыр өнімдеріне сұранысы өте жоғары екені байқалды. Өнім бағасы базардағыдан 15-20 пайызға арзан болды. – Өткен жылдарда көпшіліктің күріш, балық және өзге де өнімдерге сұранысы зор екенін аңғардық. Сондықтан биыл осы өнімдерді молайтуға мән бердік. Жеткізілген ауыл шаруашылығы тауарларының барлығы тұтынушысын тапты, – деп толықтырды басқарма басшысы.

«СБ» ақпарат

/// КӘСІП ПЕН НӘСІП

ФЕЛЬДШЕРДІҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Сырдариялық Нұрымхан Сәтбекұлы – еңбекқор жігіт. Сан кәсіптің қыр-сырын меңгерген. Әлеуметтік желіні де жақсы пайдаланады. Ол алғашында мал шаруашылығымен айналысып бастады. Өңірлік инвестициялық орталығы арқылы «Іскер» бағдарламасына қатысып, жеңілдетілген несиелерді алды. Қаражатқа жылқы басын көбейтті.

Негізгі мамандығым – фельдшер. Осы салада еңбек етіп келемін. Қосымша кәсіпкерлікті де қолға алдым. Бүгінде бір іспен ғана шектелуге болмайды. Бұл – уақыт талабы. Мемлекет тарапынан жас кәсіпкерлерге қолдаудың артқанын көріп, осы бағытта өзімді сынап көруге бел будым. Бастапқыда біршама қиындық болды. Мойымай қайта жігерлендім. Өзім секілді жастардың тәжірибесін көрдім. Кәсіпкерлік саласы мамандарынан кеңес алдым. Қазір жаман емес. Ісім алға жылжып келеді, – дейді ол.

Шаруасы дөңгелеген жігіт мұнымен тоқтап қалмады. Биыл «Іскер» бағдарламасы аясында «Ара балын өндіру» жобасы қолдау тапты. 4 миллион теңге несиеленіп, керекті құрал-жабдықтарын түгендеді. 20 жасқа дейін ара бағады. Өнімнің жергілікті тұрғындар тұтынады, бағасы да қалтаға қонымады. Келісі – 2500 теңге. Ара балының пайдасы айтпаса да түсінікті. Салқын түскелі тұтынушылар көбейген. Көпшілігі әлеуметтік желі арқылы тапсырыс береді екен. Шаруашылық ауылдан 8 шақы-



рым жерде орналасқан, онда жылдына екі рет ара балы тартылады. Балдың құрамында шенгел, бөйшешек, жантақ, жоңышқа шыршыны бар.

Жас кәсіпкердің алдына қойған мақсаты айқын. Бұл тек бастамасы екенін айтады. Ара балынан өзге де өнім шығаруды көздеп отыр.

Сонымен қатар оның тауары жақында «Атамекен» кәсіпкерлер пала-

тасының «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясында өткен көрменің үздіктері қатарынан табылды. Осылайша, шаруаға мығым жігіт ісін ширатып келеді. Алдағы уақытта жәшік санын көбейтіп, өнімін өзге де өңірлерге шығару жоспары бар.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Хабарландыру

«Сырдария-1» КС» ЖШС 2024 жылдың 09 қазан күні сағат 11:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекенжайында серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:
1. «APEX FUNDI» Limited Partnership» Анектстік қоры арқылы несиелену ашу туралы.

2. «АНК» АҚ арқылы несиелендіру тәртібі және «APEX FUNDI» Limited Partnership» Анектстік қоры арқылы қаржыландыру үшін несиелену шарттарына, ішкі ережелеріне, (привизаларды, резервтерді) есептеу әдістемесіне өзгерістер мен толықтыруларын енгізу, бекіту туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сырдария-1» КС» ЖШС әкімшілігі.
(БИН: 040 540 001 348)

Қармақшы ауданы тұрғындарының назарына!

04.10.2024 жылы ІІІ Интернационал елді мекені;
07.10.2024 жылы Жаңажол елді мекені;
08.10.2024 жылы Иіркөл елді мекені;
09.10.2024 жылы Төрөбай елді мекені;
10-11.10.2024 жылы Жосалы кентінің ауызсу жүйелерінде жоспарлы күзгі жуу-шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргізуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауызсуды пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Анықтама тел.: 8(72437) 3-19-51.

«Сыр суы» филиалының «Октябрь топық су құбыры» өндірістік бөлімшесі

Қызылорда облысының кәсіпкерлерінің назарына! Конкурс өткізу туралы хабарландыру!

Конкурс ұйымдастырушы: «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» КММ

Электрондық пошта мекенжайы: urp@korda.gov.kz

Байланыс телефоны: +7 (7242) 60-54-08

Конкурстың нысанасы: Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері үшін кәсіпкерлерге, яғни әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне және «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасының жеңімпаздарына мемлекеттік грант беру.

Конкурс нысаны: ашық конкурс. Конкурсқа қатысу үшін өтінімдер беретін орын: субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы.

Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі: конкурсқа қатысу үшін үміткерлер бекітілген нысан бойынша электрондық өтінімді және толық конкурстық құжаттар топтамасын ұсынады. (ҚР Үкіметінің 17.09.2024 жылғы №754 қаулымен бекітілген «Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шараларының Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік гранттар беру» қағидаларына сәйкес)

Өтінім беру мерзімі: 2024 жылғы «07» қазаннан бастап 2024 жылғы «11» қазанына дейін қоса алғанда.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін түскен өтінімдер қабылданбайды.

Осы хабарландырумен және конкурстық құжаттамамен өңірлік үйлестірушінің ресми сайтында танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-kasipkerlik?lang=kk>



Қызылордада «Қазгермұнай» БК демеушілігімен «Оқушылар сарайы» ашылды

Кейінгі кезде аймақта зәулім ғимараттар, жаңа әлеуметтік нысандар көптеп бой көтеріп, ел игілігіне берілуде. Бұл өз кезегінде шаһардың көркіне көрік қосып, аймақ экономикасының әлеуетін айшықтай түсуде.

Сондай жаңа ғимараттың бірі сейсенбіде Қызылорда қаласының сол жағалауында ашылды. Нақтырақ айтқанда, Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен «Қаз-МұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Құрманғазы Есқазиевтің қатысуымен «Оқушылар сарайының» салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Бала – болашағымыз, ел ертеңі. Сондықтан жас буынға қамқорлық көрсетіп, жан-жақты дамуына жағдай жасау – аға буынның бір парызы. Жеткіншектерге арналған әлеуметтік нысанның құрылысын «Қазгермұнай» БК» ЖШС қаржыландырды (бірлескен кәсіпорындағы қатысу үлестерін «Қаз-МұнайГаз» ҰК АҚ және «Петро-Казакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ тепе-тең негізде иеленеді). Жоба құны 2,4 млрд теңгеге құрайды. Құрылыс жұмысы 2023 жылдың желтоқсанында басталған еді.

Ауданы 2956 шаршы метр көпфункционалды кешен 350 балаға арналған. Заманауи ғимаратта техноорталық, бағдарламалау, робототехника және өнеркәсіптік дизайн сыныптары, экологиялық зертхана, жылжымайтын мен қысқы бақ, телестудия, вокал, музыкалық аспаптар және хореография кабинеттері бар.

«Қазгермұнай» БК» ЖШС жыл сайын қайырымдылық демеушілік қызметке және өңірдің ірі әлеуметтік жобаларын іске асыруға қатысады, оған шамамен 150 млн теңге бөлінеді.

Ашылу салтанатына қатысушылар жаңа нысан қызылордалық жасөспірімдердің жан-жақты дамуы мен бос уақытын тиімді өткізу үшін онтайлы мүмкіндіктері бар білім және тәрбие орталығына айналатынына сенім білдірді.

Жалпы «Қазгермұнай» БК» ЖШС – аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму мәселесінде атқарушы биліктің сенімді серіктесі. Мәселен, біріккен кәсіпорынның қаржылай демеушілігінің арқасында 2013 жылдан бері облыс көлемінде бірқатар әлеуметтік нысан бой көтеріп, пайдалануға берілді. Атап айтқанда, Мұз айдыны, облыстық психоневрологиялық интернат, Жастар ресурстық орталығы, қалалық индустриал, көпбейінді облыстық аурухананың оттегі стансасы, сондай-ақ, Қармақшы ауданындағы Қорқыт ата мемориалын қайта жаңғырту жұмыстары «Қазгермұнай» компаниясының демеушілігімен атқарылды.

«Қайырымдылық жасасаң қайырын өзің көресің» демекші, компания 2014 жылы ең үздік әлеуметтік



жауапкершілігі бар кәсіпорын ретінде Мемлекет басшысы тағайындаған «Парыз» сыйлығының гранприн жеңіп алды. 1993 жылы іргесі қаланған кәсіпорынның бұл – бір ғана жетістігі.

жүректерге мейірімділік пен ізгілік дәнін сеуіп, адамгершілік шұағын шашып келеді.

Жалпы «Қазгермұнай» кәсіпорны бала болашағына бейжай қарамайды. Сондықтан да компания



Кәсіпорын жыл сайын облыс орталығында ұйымдастырылатын «Мектепке жол» акциясына да белсенді қатысып, қайырымдылыққа үлес қосудан жаңылған емес. Акция аясында 500-ге жуық бала оқу құралдары толтырылған рюкзактармен қамтамасыз етіледі. Одан бөлек, жыл сайын осы шамада тұрмысы төмен отбасы балаларына кәсіпорын тарапынан жанажылдық сыйлықтар беріледі. «Қуанса бала қуансын» демекші, осындай қайырымдылық шаралар арқылы компания кішкентай

балалар мен жасөспірімдер спортына қолдау көрсетіп жүр. Олардың түрлі қалықаралық, республикалық, облыстық турнирлерге қатысуына мүмкіндік беріп, зерттіктеріне деңгейін жасайды. Оның ішінде конькимен сырғанау, спорттық би, шайбалы хоккей, таэквондо, футбол, шахмат секілді спорт түрлері бар.

Мектептерде спорт алаңдарының құрылысын жүргізуге демеушілік жасау бұрыннан қалыптасқан. Мәселен, №235, №7, №233 мектеп аумағына бой түзген спорт алаңдарының құрылысын кәсіпорынның қолдауымен салынғанын айтпай кетуге болмайды.

Бір сөзбен айтқанда, кәсіпорын балалар мен жастар спортына қолдау білдіру арқылы өңірде бұқаралық спортты дамытуға, көпшілік арасында салауатты өмір салтын насихаттауға белсенді үлес қосып жүр. Осы орайда ел игілігіне берілген жаңа нысан – «Оқушылар сарайының» құрылысы жоғарыда аталған игі істердің, қайырымдылық шаралардың, ең бастысы, кәсіпорынның балаларды қолдау саясатының заңды жалғасы екені сөзсіз. Заманауи ғимарат алдағы уақытта қала сәулетін ажарландырып қана қоймай, сонымен бірге Сыр жастарының бәсекеге қабілетті, технология тілін меңгерген әмбебап, озық ойлы, шығармашыл болып қалыптасуына мол мүмкіндік береді деген үміттеміз.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»



www.facebook.com/syrboyi.kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.